

2 Versan V. G. Series 9000 ISO standards: regularities of development // Standards and quality. – 2008. – №1. – pp. 56-59.

3 Chayka I. I. New in ISO standards of 9000 series and some crisis moments in QMS standardization / Coll. materials of Almaty international forum for quality. Almaty. – 2007. – pp. 11.

4 Adler Yu. P. Phoenix of the Russian quality // Standards and quality. – 2009. – № 4. – pp. 52-55.

5 Quality in 15 years. What current trends influence its evolution? Trans. from Eng. by Raskina A. // Standards and quality. – 2011. – № 11. – P. 40-42.

6 Poksinska B., Dalgaard D. D. New dress of the king? // Standards and quality. – 2007. – № 2. – P. 48-51.

ТҮЙІН

Мақалада ИСО 9000 сериялы стандарттарының талаптарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындардың СМЖ-ң нәтижелілігіне әртүрлі факторлардың әсері жөнінде қазақстандық және шетелдік авторлардың деректері жалпыланған. Келелі мәселеге авторлық көзқарас және оны жақсарту бойынша ұсыныстар баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье обобщены материалы казахстанских и зарубежных авторов по вопросу влияния различных факторов на результативность СМК предприятий, сертифицированных по требованиям стандартов ИСО серии 9000. Изложены авторский взгляд на проблему и предложения по ее улучшению.

УДК 005.6:631

К. У. Нурсапина, экономика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ӨНІМ САПАСЫН БАСҚАРУДА СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Бұл мақалада өнім сапасын басқарудың ұйымдық-экономикалық механизмін жетілдірудің негізгі бағыттары мен жолдары; ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың экономикалық әдістерінің ролін арттыру қарастырылады.

Түйінді сөздер: сапа, басқару, стандарттау, сертификаттау, ұсынымдар, мемлекеттік органдар, халықаралық стандарттар, мемлекеттік стандарттар.

Қазіргі заманда сапаны басқару стандарттауға негізделеді. Е.И. Семенованың анықтамасы бойынша «Стандарттау дегеніміз белгілі бір салаларда барлық қызығушылық танытушы жақтардың қатысуымен және олардың пайдасы үшін іс-әрекеттерді реттеу мақсатында ережелерді белгілеу және қолдану» [1]. Объектіге – дайын өнімге стандарттаудың ықпалы нормативті құжат түрінде дайындалған және заңды күші бар нормалар мен ережелерді белгілеу жолымен жүзеге асады.

Мемлекеттік стандарттау жүйесінің ұйымдық құрылымы:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен оның ведомстволық бағыныстағы бөлімшелерінен;

2) стандарттау саласындағы құзыреттерінің шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарынан;

3) стандарттау саласындағы жұмыстарды жүзеге асыратын стандарттау жөніндегі жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде техникалық комитеттерден;

4) Қазақстан Республикасы стандарттарының мемлекеттік қорынан тұрады.

Мемлекеттік стандарттар салааралық мәні және көп мәрте ұдайы өндіру және пайдалану перспективасы бар өнімге, процестерге, қызмет көрсетулерге, ұйымдастыру-әдістемелік және жалпы техникалық сипаттағы нормалар мен талаптарға әзірленеді және олар Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген халықаралық және мемлекетаралық стандарттардың талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

Мемлекеттік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктегіштерін мемлекеттік басқару органдары, уәкілетті заңды тұлғалар, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әзірлейді.

Ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары іргелі, қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелердің білімнің түрлі салаларында алынған нәтижелерін тарату мен пайдалану үшін әзірленеді және қолданылады.

Ұсынымдар стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы қандай да бір болмасын қызметтің түрін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін және кеңесті немесе нұсқауды қамтитын ережені белгілейді.

Фирмалық стандарттарды жеке және заңды тұлғалар әзірлеп, бекіте алады. Фирмалық стандарттарды әзірлеушілер дербес бекітеді. Фирмалық стандарттар Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттар мен техникалық регламенттердің міндетті талаптарына қайшы келмеуге тиіс. Белгіленген міндетті талаптардың сақталмауы үшін оларды бекіткен жеке және заңды тұлғалар жауапты болады. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган фирмалық стандарттарды әзірлеу, келісу, бекіту және тіркеу жөніндегі жалпы ережелерді белгілейді.

Техникалық шарттар нақты өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге немесе өнімнің бірнеше түріне қойылатын талаптарды белгілейді.

Халықаралық стандарттау жүйесі ережелеріне сәйкес, техникалық регламенттерге мемлекеттік басқару органдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды жатқызу керек, олардың құзыретіне міндетті талаптарды белгілеу, міндетті талаптар бөлігінде мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттар кіреді.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы – стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның басшысы;

- Бас мемлекеттік инспектордың орынбасары – стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган басшысының орынбасары;

- облыстар мен қалалардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ведомстволық бағыныстағы аумақтық бөлімшелерінің басшылары;

- стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары – бөлімдер басшылары, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ведомстволық бағыныстағы бөлімшелерінің барлық дәрежедегі мамандары.

Стандарттаудың басты әдістемелік принципі болып жаңа стандарттарды жасаудың немесе әрекет етуші стандарттарды жаңартудың міндетті түрде уақытылы жүргізілу принципі табылады. Бұл принцип сақталмаған жағдайда стандарттау бойынша іс-әрекет уақытынан кешігіп немесе уақытынан бұрын орындалады. Сондықтан жаңа тауарды жасаудың басталу уақытын дұрыс таңдау туралы мәселе маңызды болып табылады.

Республикамыздың Индустриялық-инновациялық даму стратегиясында көзделіп отырғандай, еліміздің экономикалық тұрақтылығын орнықтыруда халықаралық стандарттар

мен оларды өзімізде қолданысқа енгізудің рөлі үлкен [2].

Елімізде 1999-2000 жылдары халықаралық талаптарға орайластырылған «Стандарттау туралы», «Сертификаттау туралы», «Өлшем бірліктерімен қамтамасыз ету туралы» өзгертулер мен толықтырулар енгізілген заңдары қабылданған болатын. Бұл күнде Қазақстан халықаралық ұйымдардың толық мүшелігіне еніп, стандарттау жөніндегі(ISO), метрология заңдылықтары (МОЗМ), Мемлекеттік метрологиялық құрылымдардың Еуразиялық бірлестігі, сондай-ақ ТМД елдерінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесінде біршама маңызды жұмыстар атқаруда. Бұл орайда Қазақстан халықаралық стандарттарды әзірлеп, оларды өзге елдердің назарына ұсынуға мүмкіндік алды. Республикамызда көптеген шетелдік халықаралық және ұлттық стандарттар тіркеуден өтіп, кеңінен қолданылуға жол ашылды. Ол стандарттар мұнай-газ секторы, байланыс құралдары, ақпараттық технология, тамақ өнімдері, мұнай өнімдері және т.б салаларға арналған.

Мемлекеттік жүйеде сертификаттау бойынша тіркелген 86 орган, 267 сынақ зерканалары қызмет көрсетіп, 1000-нан астам астам сарапшы аудиторлар өнімді, қажетті және сапа жүйесін тіркеуге мамандандырылған [3].

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес еліміздегі стандарттарды қайта қарау қолға алынды. Жаңа стандарттарды дайындайтын техникалық комитеттердің басты мәселесі, әрине, қаржыға келіп тіреледі.

Бірақ, мәселінің шешуі қаржыда ғана емес. Мемлекеттік стандарттарымызды халықаралық стандарттармен қиындықсыз үйлесіп кетеді деп айту қиын. Республикамызда мемлекеттік стандарттардың 15 пайызы ғана халықаралық стандарттармен үйлестірілген. Олардың үштен бір бөлігі ұйымдастыру әдістемелік стандарттарын құрайды.

Елімізде стандарттарды әзірлеудің тендеріне қатысу кезінде әзірлеуші ұйым стандарттардың халықаралық стандарттармен үйлесімді болып шығатынына үйіп тгіп уәде береді. Ал тендерді ұтып алғасын кейбір комитеттер ол уәделерін ұмытып, халықаралық стандарттармен үйлесімділігі төмен стандарттарды дүниеге әкеледі. Нәтижесінде ол стандарттарды бекіту кезінде бастапқы мақсатымыз ұмыт қалып, көптеген кедергілерге тап болып жатамыз.

Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу әлі де республикалық бюджет қаржысымен жүргізіліп отыр. Қазіргі кезде өзге елдердің тәжірбиелері көрсетіп отырғандай, стандарттарды әзірлеудің негізгі шығындарды осы стандарттарды әзірлеуге қызығушылық білдірген мекеменің өзі көтереді

Стандарттарды Мемстандарт өңдеу керек деген ой көпшілікте қалыптасып қалған. Шын мәнінде, стандарттарды қажет еткен кәсіпорын стандарттарға қажетті қаржыны өзі бөліп, өзі даярлауы керек. Тек сол кәсіпорын ғана өндіріліп отырған өнімге қандай нормалардың керек екенін, ол нормалардың қандай дәрежеде болу керектігін жақсы біледі.

Мәселен, Германия елін алайық. Мұнда ірі кәсіпорын фирмалары стандарттауға жыл сайын өз айналымдарынан 0,24 пайыз қаржы бөліп, 300-ден 400 пайызға дейін табыс таба алады. Сонда мемлекетте тұтас 400 млн. еуро қаржы стандарттауға бөлінсе, одан 16 млрд. еуро табыс түсіп отыр.

Қазіргі уақытта елімізде қауіпсіздік саласында міндетті талаптарды бекітетін 36 000-нан аса стандарттар істеуде екен. Олардың ішінде бірін бірі қайталайтын және біріне бірі қайшы келетіндері де жетерлік.

Салыстыру үшін айтар болсақ, Еуропада бұл салада бар болғаны 2000 стандарт қана бар. Сондықтан да республикамыздағы қабылданған салалық заңдарды ұсынылғалы отырған техникалық реттеу жүйесіне сәйкестендіру үшін оларды тиянақты сараптау қажет. Соның нәтижесінде біздің халықаралық стандарттар талабына сай үйлесімділікпен жұмыс істеуімізге жол ашылады. Бұл Бүкіләлемдік сауда ұйымына енудегі ұлттық техникалық реттеулер мен стандарттарды негізге ала отырып, халықаралық стандарттарға көшуімізге тікелей байланысты.

Егер кәсіпорындардың бұл стандарттарды қолдануға еріктілігін айтар болсақ, оларды ешкім де күшпен итермелемейді, нарылықтың қатал бәсекелестік заңы мәжбүр етеді. Ал нарықта тауар мен қызмет көрсетулердің сапасы стандарттардан бастау алады.

Техникалық комитеттер өкілдері халықаралық стандарттарға көшудегі кедергілердің көп болу себептерін кәсіпорындардың техникалық - инженерлік ұйымдастыру деңгейінің төмендігімен түсіндіреді. ИСО стандарттарының тым формальды және абстрактылы сипатталалып отырғанын айтады. Мәселен, ИСО 9000 «Сапа менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты Ресейде 80 пайыз жетістікті көрсеткенімен, Қазақстанда формальды түрде ғана қалып тұрғаны қынжылтады. Кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға көшудегі белсенділігін арттыру үшін, тәжірбие көрсетіп отырғандай, нормативті құжаттардың санын бірнеше есе қысқарту қажет. «Ендігі шығарылатын стандарттар әлемдік ғылым мен ғылыми-әдістемелік деңгейде әбден зерттеліп, содан кейін әзірленуі керек. Егер біз ол стандартты ғылымға сүйеніп жасамасақ тағы да тығырыққа тіреліп жүруіміз мүмкін»

БСҰ-ға ену үшін алдымыздағы мәселелерді дер кезінде және тиянақты шешуге тағы бір кеек нәрсе – өлшем бірліктерімен қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін жасау. Бұл эталондық базаның, яғни метрология қызметінің негізгі техникалық шарттары, нормативтік құжаттары мен заң актілерін үйлестіру арқылы халықаралық тәжірибелерде көрсетілген нормаларға сай өз нормаларымызды қабылдау үшін қажет.

Қазіргі қызмет көрсетіп отырған өлшем бірліктерінің эталондық базасы экономикамызды метрологиялық жүйемен қамсыздандырудың орталық элементі болып табылады. Одан республикамызда жұмыс істеп тұрған барлық ұйымдар мен кәсіпорындардың өлшем құралдары өлшем бірліктерін алып отырады. Қазақстан метрология институты мемлекеттік уақыт жиілігі эталонының жаңа аппараттық кешенін тұрғызып, оны қолданысқа енгізді.

Үкімет эталондық базаның халықаралық талаптарға сай болып дамуына үлкен назар аударып отыр.

Қазір елімізде өлшем құралдарына жөндеу, тексеру жұмыстарын жүргізуге 214 кәсіпорын тіркеуден өтіп, лицензия алған. Десек те, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктері халықаралық деңгейде мойындалмай отыр. Ол үшін мемлекеттік эталондардың метрологиялық сипаттамалары халықаралық эталондармен және өзге де елдердің ұлттық эталондарымен сәйкес келуі қажет.

Сертификаттау міндетті және ерікті сипатта болуы мүмкін. ҚР-да міндетті сертификаттауға келесі тағам өнімдері жатады: ұн кондитерлік бұйымдар; май өнеркәсібінің өнімдері; өңдеуші кәсіпорындардың азық өнімдері; көкөністерді, жаңғақтарды және басқа да өсімдік бөлшектерін өңдеу өнімдері; ет өнеркәсібінің өнімдері; сүт өнеркәсібінің өнімдері; балық өнеркәсібінің өнімдері; мал азығы.

Белгілі бір өнімді сертификаттау бойынша іс-әрекетті басқарудың мемлекеттік органдары, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жасайтын сертификаттаудың сәйкес жүйелері жүзеге асырылады. Әрбір мұндай жүйе белгіленген ережелер бойынша сертификаттауды жүзеге асыратын қатысушылар жиынтығын білдіреді.

Сертификаттау саласындағы атқарушы биліктің арнайы құзыретті органы, міндетті сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізуге құзыретті атқарушы биліктің басқа да органдары, сынау зертханалары (орталықтар), өнімді дайындаушылар (сатушылар), сонымен қатар бір текті өнімдерді сертификаттау жүйелерінде жұмыстарды үйлестіру үшін қажетті жағдайларда анықталатын сертификаттау жүйесінің сертификаттау бойынша орталық органдары міндетті сертификаттауға қатысушылар болып табылады. Міндетті сертификаттау шарттарының орындалуы мемлекетпен реттеледі.

Сертификаттау ережелерінің сақталуына, сертификатталған өнімнің, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің сапасына мемлекеттік қадағалауды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган стандарттау және сертификаттау туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

ҚР-ның «Сертификаттау туралы» заңына сәйкес сәйкестік сертификаты дегеніміз – мемлекеттік сертификаттау жүйесінің ережелері бойынша берілген, тиісті түрде бірдейлендірілген өнімнің, процестің, жұмыстың, қызмет көрсетулердің техникалық регламенттердің, стандарттардың немесе өзге де нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігіне қажетті сенімділік қамтамасыз етілгендігін көрсететін құжат [4]. Бұдан сертификаттауды сәйкестіктің бар екендігіне сенімділіктің абсолютті емес, қандай да бір

дәрежесін қалыптастырады деп есептеуге болады. Ол үшін сертификаттау дәлелдер жинағын, сонымен қатар осы дәлелдерді алудың құжаттық немесе басқа да дәлелдерін беруі керек. Сенімділік деңгейі жоғары болған сайын, дәлелдер де сенімдірек болады.

Сәйкестікті дәлелдеу кезінде орындалатын операциялар келесі суретте берілген (сурет 1).

Өнімнің әр түрі үшін 3 негізгі операцияның (сынау, өндірісті бағалау, инспекциялық бақылау) құрамы мен мазмұны әр түрлі болуы мүмкін. Талап етілетін сенімділікке байланысты дәлелдер жинағы сынаудың, өндірісті бағалаудың және инспекциялық бақылаудың әр түрлі түрлерін қамтуы да қамтымауы да мүмкін. Сәйкестікті дәлелдеу үшін үшінші жақтың орындайтын жекелеген операцияларының жиынтығы мен кезектілігі сертификаттау сызбасы деп аталады.

Өндірісті тексеру сертификаттау сызбасына байланысты әр түрлі нысандарда жүргізіледі: өндірісті талдау, оны сертификаттау, сапа жүйесін сертификаттау.



1 сурет – Сәйкестікті дәлелдеу кезінде орындалатын операциялар сызбасы

Мемлекет тарапынан техникалық реттеудің міндеттерінің бірі болып ең алдымен өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету табылады. Ол үшін техникалық реттеу объектілерінің (өнімдер, ғимараттар, өндіріс процестері мен әдістері) қолдануы және орындауы үшін міндетті талаптарды белгілейтін техникалық регламенттер жасалады. Тұтынушы үшін өнімнің техникалық регламентке сәйкестігі оны пайдалану қауіпсіздігінің кепілі, ал стандартқа сәйкестік – нарықта осы өнімді өндіруші үшін барлық экономикалық артықшылықтарымен оның жоғары тұтыну қасиеттерінің кепілі болуы керек.

ҚР-ның мемлекеттік стандартының Қаулысына сәйкес сәйкестігі сәйкестік туралы декларациямен дәлелденетін өнімдер номенклатурасы келесілерді қамтиды: қант; нан және макарон бұйымдары; дәнді және майлы дақылдар; ұн өнеркәсібінің өнімдері; картоп, көкөністер, бақша дақылдары, шемекі дақылдары; малдардың барлық түрлерінің еттері; сүт және шикі қаймақ.

Сәйкестік туралы декларация жеткізіп берушінің (дайындаушының, сатушының) өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын, мемлекеттік сертификаттау жүйесі белгілеген нысандағы құжат болып табылады.

Батыс Қазақстан облысында тағам өнімдері үшін сәйкестік туралы декларацияны қолдануға қатысты айтатын болсақ, онда соңғы уақыттарда қабылданған декларациялар санының көбейгенін байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Управление качеством : Учебник / Е.И.Семенова, В.Д.Коротнев, А.В.Пошатаев и др; Ред.Е.И.Семенова. – М. : КолосС, 2004. – 184 с.
- 2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2012. – № 91
- 3 Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің материалдар жинағы.
- 4 ҚР-ң «Стандарттау туралы» заңы. ҚР Парламентінің Жаршысы. – 2012. – №20 (2309)
- 5 Құсайынов Ә. Сапаны жақсарту стандарттан басталады //Егемен Қазақстан. –2012. – №25
- 6 Лapidус В. А. Звезды качества // Стандарты и качество. – 2002. – №7. – С. 47-53.
- 7 Лаштдоу В.А. Статистические методы, всеобщее управление качеством, сертификация и кое-что еще... //Стандарты и качество. – 2001. – №4. – С. 68-70.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются основные пути и направления совершенствования организационно-экономического механизма управления качеством продукции, повышения роли экономических способов оценки качества и конкурентоспособности сельскохозяйственной продукции.

RESUME

The main ways and directions for the improvement of organizational-economic mechanism of product quality control, the increase of the role of economic ways of quality and competitiveness evaluation of agricultural production were considered in this article.